

28 шілде,  
Сейсенбі,  
2020 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930  
жылдың  
қараша айынан  
бастап шығады.

# ОЙЫЛ

## ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫ ҚАЗЫБАЕВТЫҢ АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫН ҚҰРБАН АЙТ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ



### Құрметті аудан тұрғындары! Қадірлі жерлестер!

Барша мұсылмандардың ұлық мерекесі - Құрбан айт мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Береке мен бірлікті арттыратын құтты мейрам – Құрбан айт адамдардың бір – бірімен етене араласуына, ұлттар мен діндердің өзара ынтымақтастығына жол ашады. Осы қасиетті күні халқымыз құрбандық шалып, бір-біріне жақсылық тілейді.

Құрбан айт – кеңпейілділік пен жомарттықтың, бауырмалдық пен қайырымдылықтың мерекесі.

Құрбан айт кезінде ата – бабаларымыздың жетім – жесірді жебеу, мұқтажға қол ұшын беру сияқты игі дәстүрлеріміз арқылы өзгеге өнеге болатын ізгі өрекеттер көрініс тапқан. Осындай асыл үрдістер ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді. Қазақтың осы қасиеті мен дәстүрі бүгінгі күні өлемді жайлаған қауіпті дертке тосқауыл қоюға да өз септігін тигізіп отыр.

Дін тірегі - имандылық. Иmandылық өр адамды тек жақсы қасиеттерге тәрбиелейді. Әділет пен парасат жолымен ғана жүруге үндейді. Тәуелсіздікке қол жеткізгелі бері діліміз, тіліміз, дініміз қайта оралып, еліміз күн санап өркендеуде.

Бірлігі жарасқан ұлт өкілдері арасында қалыптасқан достық ниеттегі келісім арқасында қазақ жерінде 140 этнос пен 17 конфессия бейбіт қатар өмір сүріп жатыр.

Конфессияаралық келісімге ұйытқы болып, тек имандылықты, инабаттылықты, қайырымдылықты, жан мен төн тазалығын ғана уағыздайтын ислам дінінің ұлтаралық келісімді нығайтуға қосып отырған үлесі зор.

### Қадірменді ,ойылдықтар!

Әрбір шаңыраққа шалқыған шаттық, баянды бақыт, қуаныш өкелетін өлем мұсылмандарының мерейлі мерекесі Құрбан айтпен тағы да құттықтай отырып, отбасыларыңызға бақыт, береке тілеймін.

Құрбан айт мерекесінде жасаған барлық ықылас – ниеттеріңіз қабыл болсын!

Құрметпен,  
Ойыл ауданының әкімі Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев

## КВИ ЖӘНЕ ПНЕВМОНИЯМЕН КҮРЕС ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ

CORONA  
VIRUS2020/KZ

Бүгінгі күні медициналық масклардың шекті бөлшек сауда бағасы  
**28%-ға, яғни 118-ден 85 теңгеге дейін төмендетілді.**

### АҒЫМДАҒЫ РЕЗЕРВТЕ:

41 млн. масок

27 млн. қолғап

379 мың қорғаныш  
костюм бар

### ТЕСТІЛЕУ ҚУАТЫ:

АҒЫМДА  
тәулігіне  
32 мың

**1 ТАМЫЗҒА ҚАРАЙ**  
тәулігіне  
35,6 мыңға дейін  
(ҚР АШМ зертханаларын  
тарту есебінен)

**1 ҚЫРКҮЙЕККЕ ҚАРАЙ**  
тәулігіне 64 мыңға дейін  
(ДСМ және ЖАО зертха-  
наларын толық жабдық-  
тауды ескере отырып)  
ұлғайту жоспарлануда

Тамыз айының соңына дейін тесттердің ПТР резервін қалыптастыру –  
1,2 млн., 59 мемлекеттік және жеке зертхана іске қосылды.

Дереккөз: ҚР Денсаулық сақтау министрлігі

@coronavirus2020\_kz

## АҚ ХАЛАТТЫЛАР АЛҒЫСҚА БӨЛЕНДІ

КОРОНОВИРУС ПАНДЕМИЯСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚАУІПТІ ІНДЕТТІҢ АЛДЫН-АЛУ ШАРАЛАРЫ КЕЗІНДЕ ХАЛЫҚТЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНА АЛАҢДАП, АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ ДӘРІХАНАЛАРДАҒЫ ДӘРІ-ДӘРМЕКТЕРДІҢ ЖЕТІСПЕУШІЛІГІН ҚАДАҒАЛАП ҒАНА ҚОЙМАЙ, БАҒАСЫН ҮНЕМІ БАҚЫЛАП ЖҮРГЕН АУДАННЫҢ АТҚА МІНЕР АЗАМАТТАРЫ АУРУ СЕЙІЛСЕ ДЕ, ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТҚАН ЖОҚ.



Осы орайда өткен аптада аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев, аудандық мәслихат хатшысы Еркін Жиеналин, «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Сәкен Займолдин Ойыл аудандық ауруханасының бас дәрігері Сәндібек Нұрбаевпен арнайы кездесіп, қазіргі ахуал жөнінде еңгіме өрбітті. Оған қоса ауруханада ем алып жатқан науқастармен жүздесіп, жағдайларының қалыпты екендігіне көз жеткізді. Ал, аурухана қабырғасында ем алып жатқан жандар көңілін сұрай келген жергілікті билік өкілдеріне шексіз алғыстарын

білдірді. Айта кетсек, бір қуанарлық жағдай осы уақытқа дейін пневмониямен ауырғандардың қатары азайған. Қазіргі таңда үш науқас ем алуда. Әрі қарай тарқатсақ, дүние жүзін өбiгерге салған коронавирус пандемиясына қарсы күресте халыққа қолдау көрсетуде белсенді қызмет атқарған бірқатар ақ халатты абзал жандарға «Әділет» шаруа қожалығының төрағасы, «Жас Отан» жастар қанатының мүшесі, Әділет Ғазиз жаста болса қаржылай қолдау көрсетсе, «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Сәкен Займолдин мен аудандағы жастардың

бастамасымен құрылған «Рақым» қайырымдылық қорынан «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы Ойыл аудандық филиалының директоры Айдана Табынбаева да қаржылай сертификаттарын табыс етті.

**P.S.** Кездесу барысында ауданның бас дәрігері қазір жағдайдың тұрақталып, аурудың беті қайтқанын жеткізе отырып, алдағы уақытта індетпен күресу үшін өлі де дайындықты шыңдау керектігін баса айтты. Сондай-ақ тұрғындарға түсінік жұмыстарын кеңірек насихаттау үшін бірлесе жұмыстануға шақырды.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,  
Ойыл селосы.

## БИЫЛҒЫ МЕЖЕ - ТӨРТ АУЫЛҒА ТАЗА АУЫЗ СУ

Соңғы жылдары ауданымызда ауыл тұрғындарын сапалы сумен қамтамасыз ету жұмыстары қарқынды жүзеге асырылып келеді. Көптеген елді мекендерде таза ауыз су қажеттігі мәселеге айналса, қазір аталған мәселе рет-ретімен шешімін табуда. Биылдың өзінде Ақшатау, Ақкемер, Көсембай, Қаракемер елді мекендеріне ауыз сумен қамтамасыз ету үшін құрылыс жұмыстары басталды.

Осы орайда, аудан әкімінің орынбасары Асылан Кенжебаев пен Ойыл аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Таңат Нұрымгереев елді мекендерге ауыз су құбырын тартып жатқан мердігерлердің жұмыс сапасын бақылап қайтты. Арнайы іссапарға шыққан басшылар Шұбарши бағытындағы жөнделіп жатқан жолдың да жұмысымен танысты.

Толығырақ тарқатсақ, «Ойыл аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-сі тарапынан сумен қамту нысандарының құрылысын салу үшін «Ақпан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Саралжын ауылдық округінің Ақкемер ауылын сумен жабдықтау нысандарының құрылысын салу үшін «Теміржолсу-Ақтөбе» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Қайыңды ауылдық округінің Көсембай ауылын сумен жабдықтау



нысанының құрылысын салу үшін «Батысгазстрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Қаракемер ауылын сумен жабдықтау объектілерінің құрылысын салу үшін «Ақтам - инжиниринг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ауыз су құбырын тартуда.

Аталған ауылдар ауыз суды осы уақытқа дейін құдықтан пайдаланып келеді. Әйтсе де, «Таза су денсаулық кепілі» - екені сөзсіз. Қазіргі таңда төрт елді мекенге ауыз су құбырын тарту жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Енді мөлдір су өр үйдің ауласына кірпізілмек. Алайда, су жүргізуші мердігерлер «Біз ауылдың жартысынан көбіне су құбырын тартып

үлгердік. Бірақ, ауыл тұрғындарының үйлеріне су тартқызу жұмыстары баяу», - дейді.

**P.S.** Көсембай, Ақкемер, Ақшатау елді мекендерін ауыз сумен қамту жұмыстары «Аймақтық дамыту» бағдарламасы арқылы жүзеге асырылса, Қаракемерге «Жұмыспен қамтудың жоп картасы - 2020» бағдарламасы арқылы жүргізілуіне. Аталған ауылдар ауыз сумен толықтай қамтылғаннан кейін аудандағы елді мекендерді ауыз сумен қамту қензеуі 63,6 пайызға артмақ.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,  
Ойыл селосы.





